

2010 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша банктік емес ұйымдардың ағымдағы жағдайы

2010 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша республикада банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын 16 ұйым, оның ішінде 7 ипотекалық ұйым тіркелді.

2009 жылғы 1 қаңтардағы деректермен салыстырғанда банктік емес ұйымдардың секторында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Ұлттық әл-ауқат қоры қызметінің мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу және «Қазақстан инвестициялық қоры туралы» Қазақстан Республикасы Заңының күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 13 қаңтардағы № 135-IV Заңын қабылдауға байланысты қаржы нарығы қатысушыларының сапалық және сандық өзгерісі болды, осының негізінде мына ұйымдардың лицензиясының қолданылуы 2009 жылғы 21 ақпан айынан бастап тоқтатылды:

- «Медетші қор» АҚ;
- «Қаржы орталығы» АҚ;
- «Достық Энерго» АҚ;
- «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ;
- «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ;
- «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компания» АҚ;
- «Қазақстан ипотекалық компаниясы» АҚ.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ақша төлемі мен аударымы, қаржы ұйымдарының бухгалтерлік есебі мен қаржылық есептілігі, банк қызметі және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 11 шілдедегі № 185-IV Заңымен мынадай ұйымдардың 2009 жылғы 29 тамызда лицензиясының қолданылуы тоқтата тұрылды:

- «Ұлттық процессингтік орталық» АҚ;
- «Есептеу-кассалық орталық I» ЖШС;
- «PayLink» ЖШС;
- «Объединенная Система Транзакций» ЖШС.

Бұдан басқа, манадай банктік емес ұйымдардың лицензияларының қолданылуы тоқтатылды:

- «КҰРЫЛЫС ИПОТЕКА» ипотекалық ұйым» АҚ, 2009 жылғы 29 қаңтардан бастап №19;
- «Тимей» ФПК, 2009 жылғы 07 сәуірден бастап №111;
- «Алматы Финанс» ипотекалық ұйым» АҚ, 2009 жылғы 29 сәуірден бастап №128;
- «Бірінші Ипотекалық Компания» ипотекалық ұйым» АҚ, 2009 жылғы 21 шілдеден бастап №161;
- «ДАМУ» ипотекалық ұйымы» АҚ, 2009 жылғы 17 тамыздан бастап №257;
- «Астана-Финанс» АҚ 2009 жылғы 08 қарқүйектен бастап №270;
- «ҚАЗЭКСПОРТАСТЫҚ-СЕКЬЮРИТИЗ» АҚ 2009 жылғы 16 қарашадан бастап №342.

№	Ұйымдардың атауы	01.01.09	01.01.10
1	Ипотекалық ұйымдар	12	7
2	Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын өзге ұйымдар оның ішінде брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын	22	9
		4	2
	Жиынтығы	34	16

Ипотекалық ұйымдар


Ипотекалық ұйымдардың барлық қаржы көрсеткіштерінің төмендеуі 5 ипотекалық ұйымның банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға лицензияның қолданылуы тоқтатылуына байланысты.

Активтер. 2010 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ипотекалық ұйымдар активтерінің жиынтық мөлшері 80 280,5 млн. теңге құрады, төмендеуі ағымдағы жылдың басынан бастап 62,6% (134 297,3 млн. теңге) болды.


Ипотекалық ұйымдар активтерінің жалпы сомасындағы елеулі үлесті заңды және жеке тұлғаға берілген заемдар - 85,2% (68 357,1 млн. теңге) алады, басқа банктерге орналастырылған салымдарға - 0,9% (716 млн. теңге), бағалы қағаздарға - 2,4% (1 893 млн. теңге), банктердегі корреспонденттік шоттарға – 1,9% (1 506,2 млн. теңге) келеді.

Ипотекалық ұйымдардың жиынтық активтерінің динамикасы мен құрылымы	01.01.09		01.01.10		Өсімі,%-бен
	млн. теңге	жиынтығына %-бен	млн. теңге	жиынтығын а %-бен	
Ақша	1 736,0	0,8	900,4	1,1	-48,1
Корреспонденттік шоттар	8 788,1	4,1	1 506,2	1,9	-82,9
Бағалы қағаздар	12 502,2	5,8	1 893,0	2,4	-84,9
Басқа банктерге орналастырылған салымдар	7 822,0	3,7	716,0	0,9	-90,8
«Кері «РЕПО» операциялары	4 688,0	2,2	-	-	-100
Клиенттерге берілген заемдар	165 696,8	77,2	68 357,1	85,2	-58,7
Негізгі қаражат және материалдық емес активтер	4 119,9	1,9	1 546,7	1,9	-62,5
Клиенттерге ұсынылған заемдар мен қаржы лизингі бойынша резервтер (провизиялар)	-4 679,0	-2,2	-10 156,6	-12,7	2,2 есе
Өзге активтер	13 903,8	6,5	15 517,7	19,3	11,6
Барлығы активтер	214 577,8	100	80 280,5	100	-62,6

01.01.09 жағдай бойынша ипотекалық ұйымдар активтерінің құрылымы (%)



01.01.10 жағдай бойынша ипотекалық ұйымдар активтерінің құрылымы (%)




Кредиттік портфель. 5 ипотекалық ұйымның лицензиясының қолданылуы тоқтатылуына байланысты ипотекалық ұйымдардың жиынтық несиелік портфелі 2009 жылдың басынан 59,9%-ға (102 027,7 млн. теңге) кеміп, ағымдағы жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 68 357,1 млн. теңгені құрады.

Ипотекалық ұйымдардың кредиттік портфелінің сапасын талдай келе стандартты кредиттер үлесінің кемігенін байқауға болады. Сөйтіп, 2009 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша стандартты кредиттердің үлесіне 86,7% келді, ал ағымдағы жылдың 1 қаңтарда – 72,5% келді. Күмәнді кредиттердің үлесі 12,5% бастап 16,8% дейін өсті. Үмітсіз кредиттердің үлесі 2010 жылғы 1 қаңтарда 10,7% құрайтынын атап өткен жөн. Абсолюттік мәнінде үмітсіз заемдар сомасы ағымдағы жылдың басынан бастап 5 902,6 млн. теңгеге көбейді.

Несие портфелі сапасының динамикасы	01.01.2009		01.01.2010	
	негізгі борыш сомасы, млн. теңге	жиынтығына %-бен	негізгі борыш сомасы, млн. теңге	жиынтығына %-бен
Несие портфелі барлығы	170 384,8	100	68 357,1	100
Стандартты	147 759,7	86,7	49 582,3	72,5
Күмәнділер	21 200,6	12,5	11 447,7	16,8
<i>1-санаттағы күмәнділер</i> – төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде	9 452,2	5,6	3 940,0	5,8
<i>2-санаттағы күмәнділер</i> – төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде	5 399,4	3,2	929,7	1,4
<i>3-санаттағы күмәнділер</i> – төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде	416,1	0,2	1 616,1	2,4
<i>4-санаттағы күмәнділер</i> - төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде	3 230,9	1,9	1 058,7	1,5
<i>5-санаттағы күмәнділер</i>	2 702,0	1,6	3 903,2	5,7
Үмітсіздер	1 424,5	0,8	7 327,1	10,7

Ипотечалық ұйымдардың несие портфелінің өзгеру динамикасы, млрд. теңгемен




Ипотечалық ұйымдардың жиынтық несие портфеліндегі 2 ірі ипотечалық ұйымның үлесі ағымдағы жылдың 1 қаңтардағы жағдай бойынша 98,3% құрады. Олардың ішінде: «БТА Ипотека» АҚ - 75,1%, «Астана-финанс» ипотечалық ұйымы» АҚ - 23,2%.

Міндеттемелер. Ипотечалық ұйымдардың жиынтық міндеттемелерінің мөлшері 2009 жылғы 1 қаңтардағы деректермен салыстырғанда 100 717 млн. теңгеге немесе 62%-ға кеміген және 2010 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 61 660,4 млн. теңге болды. Бұл ретте, ипотечалық ұйымдардың міндеттемелері құрылымында басқа банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған заемдар (44,6%) және айналымға жіберілген бағалы қағаздар (44%) басым болды.


Ипотечалық ұйымдардың жиынтық міндеттемелерінің динамикасы және құрылымы	01.01.09		01.01.10		Өсімі %-бен
	млн. теңге	жиынтығына %-бен	млн. теңге	жиынтығына %-бен	
Басқа банктерден және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алған заемдар	52 688,1	32,4	27 133,4	44,0	-48,5
Бағалы қағаздармен «РЕПО» операциялары	-	-	-	-	-
Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар	80 943,0	49,9	27 488,0	44,6	-66,0
Басқа кредиторлар	1 342,2	0,8	6 010,5	9,7	4,5 есе
Басқа міндеттемелер	27 404,1	16,9	1 028,5	1,7	-96,2
Барлығы міндеттемелер	162 377,4	100	61 660,4	100	-62,0

01.01.09 жағдай бойынша ипотекалық ұйымдар міндеттемелерінің құрылымы (%)



- Айналыс ашығарылған бағалы қағаздар
- Басқа банктерден және БОЖТЖА алынған займдар
- Басқа кредиторлар
- Басқалар

01.01.10 жағдай бойынша ипотекалық ұйымдар міндеттемелерінің құрылымы (%)




Кірістілік. Есепті күнге ипотекалық ұйымдар 4 197,3 млн. теңге мөлшерінде шығын шағарды. Есепті күнге кірістердің жиынтық мөлшері 31 853,6 млн. теңге (2009 жылғы 1 қаңтарда – 36 758 млн. теңге), шығыстардың жиынтық мөлшері – 36 050,9 млн. теңге (2009 жылғы 1 қаңтарда – 36 033,4 млн. теңге) болды.

Ипотекалық ұйымдардың кірістілігі, млн. теңгемен	01.01.2009	01.01.2010	Өсімі %-бен
Сыйақы алумен байланысты кірістер	23 857,3	10 964,2	-54,0
Сыйақы төлеумен байланысты шығыстар	16 903,3	6 642,2	-60,7
Сыйақы алумен байланысты емес кірістер	12 900,7	20 889,4	1,6 есе
Сыйақы алумен байланысты емес шығыстар	19 130,1	29 408,7	1,5 есе

Пайыздық кірістер құрылымында клиенттерге берілген заемдар бойынша сыйақы алумен байланысты кірістер ең көп үлес алады (33,4% немесе 10 644,5 млн. теңге), пайыздық шығыстар құрылымында – қамтамасыз етуге қаржымен байланысты шығыстар көп үлес алады (55,1% немесе 19 863,7 млн. теңге).

Бөлінбеген таза кіріс (шығын), млн. теңгемен



Ипотекалық ұйымдардың меншікті капиталы 2010 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 18 620,1 млн. теңгені құрады, 5 ипотекалық ұйымның лицензиясының қолданылуы тоқтатылуына байланысты бұл 2009 жылғы 1 қаңтардағы көрсеткіштен 64,3%-ға (33 580,4 млн. теңгеге) аз.

Меншікті капиталдың жеткіліктілігі	01.01.09	01.01.10
Төленген жарғылық капитал (оның ішінде қосымша капитал), млн. теңге	43 903,4	18 915,0
Есептелген меншікті капитал, млн. теңге	47 626,3	14 479,5
Меншікті капиталдың жеткіліктілік коэффициенті ($k_1 \geq 0,06$)	-	0,223
Меншікті капиталдың жеткіліктілік коэффициенті ($k_{1-2} \geq 0,06$)	-	0,234
Меншікті капиталдың жеткіліктілік коэффициенті ($k_{1-3} \geq 0,12$)	-	0,180

Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар

Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың барлық қаржы көрсеткіштерінің төмендеуі 11 ұйымның лицензиясының қолданылуы тоқтатылуына байланысты.

Активтер. 2010 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдарды қоспағанда, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың жиынтық активтері 2009 жылғы 1 қаңтардағы деректермен салыстырғанда 90,8%-ға азайып, 456 497,5 млн. теңгені құрады.

Банктік емес ұйымдар активтерінің құрылымында заңды және жеке тұлғаларға берілген заемдар - 29,8% (136 205,8 млн. теңге), дебиторлық берешек – 13,8% (62 989,7 млн. теңге), ақшалай қаражат және ақшалай қаражат баламасы – 8,7% (39 674,5 млн. теңге) алып жатыр.

Жиынтық активтердің өкpылымы, млн. теңгемен	01.01.09	жиынтығына %-бен	01.01.10	жиынтығына %-бен	Өсімі %-бен
Активтер, оның ішінде:	4 956 627,6	100	456 497,5	100	-90,8
Ақшалай қаражат және ақшалай қаражат баламасы	180 550,6	3,6	39 674,5	8,7	-78,0
Орналаспырылған салымдар	991 761,7	20,0	3 120,9	0,7	-99,7
Бағалы қағаздар	26 324,2	0,5	17 270,1	3,8	-34,4
Берілген заемдар	373 487,2	7,5	136 205,8	29,8	-63,5
Басқа заңды тұлғалардың капиталына инвестициялар және реттелген борыш	3 130 322,1	63,2	13 543,2	3,0	-99,6
Дебиторлық берешек	83 242,0	1,7	62 989,7	13,8	-24,3
Басқа активтер	170 939,8	3,5	183 693,3	40,2	7,5

Міндеттемелер. Ұйымдардың жиынтық міндеттемелерінің мөлшері есепті күнге 55,3%-ға азайды және 312 682,3 млн. теңгені құрады. Ұйымдардың міндеттемелері құрылымында ең көп үлесті алынған заемдар алып жатыр - 74,3% (232 186,3 млн. теңге).

Жиынтық міндеттемелердің құрылымы, млн. теңге	01.01.09	жиынтығына %-бен	01.01.10	жиынтығына %-бен	Өсімі %-бен
Міндеттемелер, оның ішінде:	700 176,5	100	312 682,3	100	-55,3
Тартылған салымдар	7 026,6	1,0	8 804,1	2,8	25,3
Алынған заемдар	581 653,2	83,1	232 186,3	74,3	-60,1
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	20 800,4	3,0	21 225,7	6,8	2,0
Кредиторлық берешек	31 117,4	4,4	25 136,7	8,0	-19,2
Басқа міндеттемелер	59 578,9	8,5	25 329,5	8,1	-57,5

Кредиттік портфель. 2010 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша жиынтық несие портфелінің құрылымында стандартты кредиттердің үлесі 80%, күмәнді – 14% және үмітсіз – 6% құрады, ал 2009 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша стандартты кредиттердің үлесі 94%, күмәнді – 5,2%, үмітсіз – 0,8% құрады.

Капитал. Ағымдағы жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың жиынтық капиталының көлемі 2009 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша деректермен салыстырғанда 4 112 635,9 млн. теңгеге (96,6%) азайып, 143 815,2 млн. теңгені құрады.

(млн. теңге)

	01.01.09	жиынтығына %-бен	01.01.10	жиынтығына %-бен	Өсімі %-бен
Капитал	4 256 451,1	-	143 815,2	-	-96,6
Жарғылық капитал	3 829 174,6	90,0	139 307,6	96,9	-96,4
Бөлінбеген таза пайда (орны толтырылмаған шығын)	421 509,1	9,9	-5 817,8	-4,0	-